

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ТМД	Тәуекелдерді басқару
Мәртебесі: қолданыста	ТБ 20 07 АА	стр. 1 из 24

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
тәуекелдерді басқару
саясаты

1. Қолданылуы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) тәуекелдерді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ТБЖ) мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, ТБЖ ұйымдық құрылымын және оған қатысушылардың функцияларын айқындайды, және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) тәуекелдерді басқарудың негізгі процестерін сипаттайды.

2. Қолдану аясы

2.1. Саясаттың іс-әрекеті Қоғам қызметінің барлық түрлеріне қолданылады және Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қолдануы үшін міндетті болып табылады. Қоғам қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттері мен алға қойған мақсаттарын іске асыруды жүзеге асыру кезінде осы Саясатта жазылған ережелерді басшылыққа алады.

2.2. Қоғам кәсіпорындарына Қоғам кәсіпорындары қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, осы Саясат негізінде тәуекелдерді басқару жөніндегі өз саясатын әзірлеу ұсынылады.

Рев. №	Беттер өзгертілді	Әзірледі	Мақұлданды	Бекітілді
0.		ТМД директоры Бралин С.С.	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2020ж. «21» сәуірдің № 12/20 шешімімен	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2020ж. «20» мамырдың № 6/20 шешімімен

Мазмұны

1.	Қолданылуы	1
2.	Қолдану аясы	1
	Мазмұны	2
3.	Құжатта пайдаланылатын терминдер мен негізгі ұғымдар	3
4.	Жалпы ережелер	4
5.	ТБЖ мақсаттары мен міндеттері	5
6.	Тәуекелдерді басқарудың негізгі принциптері	5
7.	Тәуекел-мәдениетті анықтау	6
8.	ТБЖ ұйымдық құрылымы	7
9.	ТБЖ қатысушыларының функциялары	8
10.	ТБЖ-ның жұмыс істеу процесі	13
11.	Ішкі және сыртқы орта	14
12.	Қоғамның негізгі тәуекелдеріне тәуекел-тәбетті және төзімділік деңгейін анықтау	15
13.	Тәуекелдерді сәйкестендіру	15
14.	Тәуекелдерді бағалау	16
15.	Тәуекелдерді басқару	17
16.	Бақылау әрекеттері	17
17.	Ақпараттармен алмасу	18
18.	Мониторинг	18
19.	Тәуекелдерді басқару процесінің стратегиялық жоспарлау және операциялық қызмет, бюджеттендіру және уәждеме процестерімен өзара байланыс	19
20.	Тәуекелдер туралы ақпараттың қауіпсіздігіне талаптар	20
21.	ТБЖ тиімділігінің критерийлері	20
22.	Қосымша	21

3. Құжатта пайдаланылатын терминдер мен негізгі ұғымдар

- **COSO** – Тредвей Комиссиясы демеушілік ұйымдарының комитеті;
- **Акционер** - Қоғам акциясының меншік иесі болып табылатын тұлға;
- **Қоғам кәсіпорындары** – Қоғамның еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдары;
 - **Тәуекелдерді басқару жүйесі** – бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты элементтер жиыны, Директорлар кеңесі, Басқарма, құрылымдық бөлімшелер басшылары және қызметкерлер соның шеңберінде, әркім өз деңгейінде Қоғам қызметіне әсер ете алатын әлеуетті жағдайларды анықтауға, сондай-ақ акционерлер көтере алатын тәуекел деңгейінің шеңберінде осы жағдайларды басқаруға қатысады;
 - **Тәуекел иесі** – белгілі бір тәуекелді басқарудың барлық салаларына, атап айтқанда, тәуекелдің іске асу мүмкіндігін төмендетуге және/немесе Қоғамға тәуекелдің іске асу зардаптарының ықтимал әсерін төмендетуге жауапты тұлға (қызметкер/құрылымдық бөлімше/алқалы орган);
 - **Инвестициялық тәуекел** – сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен туындайтын жоба тиімділігінің қорытынды көрсеткіштерінің болжамды нашарлауы;
 - **Тәуекелдер картасы** – тәуекелдердің әлеуетті әсерінің және олардың іске асу мүмкіндігінің шамасына қарай Қоғам тәуекелдерінің кестелік көрінісі;
 - **Сапалық бағалау** – бұл ішкі өлшемдерге сәйкес тәуекелдің Қоғам қызметіне әсер ету дәрежесін және ұжымдық және сараптамалық бағалауға негізделген тәуекел мүмкіндігін айқындау;
 - **Тәуекелдер сыныптамасы** – белгілі бір стратегиялық мақсаттар бойынша бөлінген тәуекел санаттарының тізбесі;
 - **Негізгі тәуекел көрсеткіші (НТК)** – бұл әртүрлі қызмет саласында тәуекел-факторлары өзгерістерінің ерте дабылдарын білдіретін ерте көрсеткіштер. НТК әлеуетті тәуекелдерді байқауға және тәуекел жағдайларын болдырмау немесе олардың қоғам қызметіне әсерін барынша азайту үшін уақытылы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді;
 - **Қоғамның негізгі тәуекелдері** – бағалау қорытындылары бойынша Қоғамның тәуекелдер картасындағы қызыл/қызылт сары аймақта орналасқан тәуекелдер және тәуекелдердің басшы/иесінің, тәуекел/менеджердің пікірінше Қоғамның қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік мақсаттарына қол жеткізуіне барынша теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер;
 - **Негізгі қызмет көрсеткіштері (НҚК)** – мақсат/міндетке немесе жоспарланған процесс нәтижесіне жету дәрежесін көрсететін санмен өлшенетін параметрлер;
 - **Сандық бағалау** – математикалық болжам және тәуекелдің іске асу мүмкіндігінің, сондай-ақ тәуекелдің әлеуетті материалдық зиянының есебі;
 - **Операциялық тәуекел** – ішкі процестерді жүзеге асыру, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс істеу, өндіріс қауіпсіздігі, сондай-ақ сыртқы жағдайлар барысында қызметкерлер тарабынан жіберілген кемшіліктер мен қателіктер салдарынан өндірісте зиян шегу, жазатайым жағдайлар туындау қатері;
 - **Құқықтық тәуекел** – Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, Қазақстан Республикасының бирезиденттерімен қарым-қатынаста – басқа мемлекеттердің заңнамасын, сондай-ақ ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтамау салдарынан шығынға ұшырау

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	4 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	--------------

қатері;

- **Алдын алу іс-шаралары** – тәуекел иелерінің/ іс-шаралар иелерінің тәуекелдердің болу себептеріне жедел ықпал ету мақсатында, тәуекел орын алғанша жүргізетін ағымдағы іс-әрекеттері;

- **Реактивтік іс-шаралар** – тәуекел иелерінің/ іс-шаралар иелерінің тәуекелдің теріс салдарларын азайту, оған жедел ден қою мақсатында тәуекел іске асқаннан кейін жүргізетін жоспарлы іс-әрекеттері;

- **Тәуекелдер тізілімі** – Қоғамның өз қызметінде кездесуі мүмкін тәуекелдерінің тізбесі;

- **Тәуекел, қатер** – болашақта болуы мүмкін оқиғаны (немесе жағдайдың туындауын) білдіреді, ол болған жағдайда Қоғамның қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік мақсаттарына қол жеткізуіне барынша теріс әсер етуі мүмкін;

- **Тәуекел-тәбет** – бұл Қоғамның өз мақсаттарына қол жеткізуде өзіне қолайлы санайтын тәуекел дәрежесі;

- **Тәуекел-менеджер** – Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты қызметкері;

- **Тәуекел-офицер** – Қоғамның тәуекелдерді басқарумен байланысты мәселелеріне жетекшілік ететін Қоғам басшылығы санатынан тағайындалған лауазымдық тұлға;

- **Стратегиялық тәуекел** – қызмет және даму стратегиясын айқындау мен іске асыру, саяси ортаның, өңірлік конъюнктураның өзгеруі, салалық құлдырау және жүйелік сипаттағы басқа да сыртқы факторлар кезінде өзгерістердің немесе қателердің (кемшіліктердің) салдарынан шығынға ұшырау қатері;

- **Толеранттық деңгейі (тәуекел-толеранттық)** – бұл нақты мақсатқа жету жолындағы ауытқудың оңтайлы деңгейі. Толеранттық деңгейі тәуекел-тәбетке тиімді мониторинг жүргізуге және оның деңгейінен асып кетуді болдырмауға мүмкіндік береді.

- **Қаржылық тәуекел** – капиталдың құрылымымен және қаржылық пайданың азаюымен байланысты қатер. Қаржылық тәуекелдер нарықтық тәуекелдермен (пайыздық және валюталық мөлшерлемелердің ауытқулары, табиғи ресурстар бағасының ауытқулары), өтімділік тәуекелімен, кредит тәуекелімен (корпоративтік контрагенттер, екінші деңгейдегі банкілер және басқа елдердегі талаптар бойынша) қатар жүреді;

- **Қор** – «Самұрық-Қазына» АҚ.

4. Общие положения

4.1. Осы Саясат Қор тәуекелдерін басқару саясатына және ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы басқа да үздік тәжірибелерге сәйкес жасалды.

4.2. Осы Саясаттың миссиясы тәуекел-менеджмент жүйесін қолдау болып табылады. Ол Қоғамға тәуекелдердің Қоғамға қолайлы деңгейін қамтамасыз ету және тәуекелдерді бірдейлестіру, бағалау, басқару және мониторингтеу есебінен түскен осындай салымдардан неғұрлым көп пайда табу үшін ресурстарды тиімді басқару және басымдықтары бойынша бөлу мүмкіндігін береді. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз міндеттерін орындау және жүктелген міндеттерді орындау кезінде Саясатты басшылыққа алуға міндетті.

4.3. Тәуекелдерді шоғырландырылған негізде басқару Қоғамның барлық кәсіпорындарында ТБЖ енгізу жолымен жүзеге асырылады.

4.4. Қоғам методологиялық, консультациялық қолдау көрсетеді, сондай-ақ Қоғам кәсіпорындарында ТБЖ енгізу процесі кезінде ТБЖ-ны дамыту мен жетілдіру қызметін үйлестіреді.

4.5. ТБЖ саласындағы регламенттеуші құжаттар, олардың Қоғамның мақсаттарына, ауқымы мен қызмет ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз ету, тәуекел-менеджменттің озық тәжірибесі мен жинақталған тәжірибені, сондай-ақ жаңа реттеуші талаптарды, тәжірибе мен тәуекел-менеджменттің стандарттарын ескере отырып, қажетіне қарай (кемінде жылына бір рет) қайта қаралып (осы Саясатты қоса алғанда) отырады.

4.6. Саясат Қоғамның интернет-сайтында орналастырылады және оның негізгі ережелері Қоғамның жылдық есебінде ашылады. Тәуекелдерді басқару саласындағы саясат пен басқа да құжаттар қолжетімділік құқығы шеңберінде интернет арқылы Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымдық тұлғалары үшін қолжетімді. ТБЖ-дағы өзгерістер Қоғамның барлық қызметкерлері мен лауазымдық тұлғаларына электрондық пошта арқылы жеткізіледі.

5. ТБЖ мақсаттары мен міндеттері

5.1. ТБЖ негізгі мақсаты қатерлер мен мүмкіндіктерді басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады, ол Қоғамды капиталдандыруды ұлғайту процесіне ықпал етуге тиісті. ТБЖ Даму стратегиясына сәйкес алдына мынадай мақсаттар қойып отыр:

- Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесін қорғау;
- Қоғамның стратегиялық және оперативтік орнықтылығын қамтамасыз ету;
- Қоғамға қолайсыз тәуекелдер туындаған кезде оның шығынға ұшырауын азайту;
- Қоғамның тәуекелдерді айқындау, бағалау және басқарудың бірыңғай және дәйекті тәсілдерін әзірлеу және қолдану, тәуекелдер туралы ақпарат алмасу рәсімдерін саты (басқару) және жайғасым (тәжірибе алмасу) бойынша оңайлату.

5.2. ТБЖ негізгі міндеттері:

- стратегиялық және операциялық мақсаттарға жетуге қатер төндіретін жағдайлардың алдын алу, егер олар туындаса, олардың әсерін қолайлы деңгейге дейін азайту;
- тәуекел мәдениетін арттыру және тәуекел-менеджмент пен ішкі бақылауды Қоғам қызметінің барлық аспектілеріне енгізу;
- күтпеген жағдайларға тиімділікпен ден қою және басқару;
- тиімді ішкі бақылау ортасын қамтамасыз етудің жалпы процесінің бір бөлігі болып табылатын тәуекелдерді басқарудың жүйелі процесіне қолдау көрсету;
- мүдделі тараптарға Қоғамның тәуекелдерді тиімді басқаратындығы туралы ақылға сыйымды кепілдіктер беру.

6. Тәуекелдерді басқарудың негізгі принциптері

Қоғам Тәуекелдерді басқарудың мынадай негізгі принциптерін белгілейді:

- **Тұтастық** – Қоғам мен оның кәсіпорындарының ТБЖ қиығындағы жиынтық қатерлерінің элементтерін қарау;
- **Ашықтық** – ТБЖ-ны дербес немесе оқшау тұрғыда қарауға тыйым салу;
- **Құрылымдылық** – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесінің нақты құрылымы бар;
- **Хабардарлық** – тәуекелдерді басқару шынайы, дұрыс және өзекті ақпараттың болуымен ерекшеленеді;
- **Үздіксіздік** – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- **Кезеңділік** – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің тұрақты қайталанатын құрылған циклы болып көрінеді;

- **Үздіксіз жетілдіру** – стратегиялық мақсаттарды, сыртқы ортадағы өзгерістерді, тәуекелдерді басқарудың әлемдік тәжірибиесіндегі жаңалықтарды ескере отырып, ақпараттық жүйелерді, рәсімдерді және технологияларды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысты жетілдіру.

7. Тәуекел-мәдениетті анықтау

7.1. Тәуекелдерді (тәуекел-мәдениетін) басқару мәдениеті тәуекел менеджментінің негізі болып табылады. Бұл барлық лауазымды адамдар мен қызметкерлер өз міндеттерін орындау кезінде бөлінетін және қолданылатын тәуекелдерді басқару саласындағы сенім, түсінік және білім.

Тәуекел мәдениеті Қоғамның корпоративтік мәдениетінің бөлігі болып табылады. Тәуекел мәдениетінің деңгейі тәуекелдерді қалай анықтайтынын, бағалайтынын Тәуекел мәдениеті - бұл компанияның корпоративтік мәдениетінің бөлігі. Тәуекел мәдениетінің деңгейі тәуекелдерді қалай анықтайтынын, бағалайтынын және стратегия жасалған сәттен бастап оны жүзеге асыру мен тиімділігін мониторингілеуге дейін басқарылатындығын анықтайды.

7.2. Тәуекел мәдениеті төрт қағидаға негізделген:

1) Тон жоғары деңгейде: Директорлар кеңесі, Басқарма және Қоғамның басшылығы жоғарыдан үн шығарады және шешімдер қабылдау кезінде шешімдер қабылдау мен қабылдамауға байланысты ұзақ мерзімді құн, кірістілік пен тәуекел арасындағы оңтайлы теңгерімге сүйенеді, басшылық қарамағындағыларда тәуекелге бағытталған мінез-құлықты қолдайды. Қоғам органдарының отырыстарының күн тәртібіндегі әрбір мәселе тәуекелдерді талдаумен және тәуекелдің белгіленген тәбетіне сәйкестігімен бірге жүруі керек.

2) Корпоративтік басқару: Қоғамның қызметі қызметкерлерге Саясат пен барлық ішкі нормативтік құжаттар сақтауға міндетті екенін түсінуге мүмкіндік беретін осындай бақылау ортасын құруға бағытталған. Қоғамның барлық лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз зонасындағы жауапкершілікті және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы өкілеттіктерін жақсы біледі. Тәуекел иелері өз құзыреті шегінде тәуекелдерді түсінеді, оларды басқарады және тәуекелдер туралы Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес тиісті түрде хабарлайды.

3) Шешімдер қабылдау: ішкі орта ашық коммуникациямен және тәуекелдер туралы ақпараттың мөлдірлігімен сипатталады, бұл байланысты тәуекелдер мен Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы тәуекелдер мен әлеуетті мүмкіндіктерді ашық және сындарлы талқылауға ықпал етеді және сыртқы сын-қатерлерге жауап ретінде тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сыйақы жүйесі барлық деңгейлерде басқарушылық шешімдер қабылдау процесінде олардың тәуекелге дұрыс қатынасын қалыптастыруда Басшылық пен қызметкерлерді қаржылық және қаржылық емес ынталандыруды қолданады. Дамыған тәуекел мәдениеті кезінде шешімдер тәуекелдің тәбеті арқылы айқын анықталады.

4) Құзыреттілік: Қоғамның ұйымдық құрылымы «қорғаныстың үш бағыты» моделіне негізделген.

- Қорғаныстың бірінші бағыты (іскерлік функциялар) әр қызметкер өз құзыреті шегінде ұсынылған құрылымдық бөлімшелермен ұсынылған. Қоғам қызметкерлері (тәуекел иелері) өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде тәуекелдерді тікелей басқарады және өз құзыреті шегінде бақылау рәсімдерін орындайды.

- Қорғаныстың екінші бағыты тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауап беретін құрылымдық бөлімшелермен, және Комплаенс қызметімен ұсынылған. Қорғаныстың екінші бағыты құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау, заңнаманы және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын сақтау, Этикалық кодекс пен комплаенсты, Қоғамның ішкі құжаттарын және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл мәселелері бойынша заңнама және Қоғамға қолданылатын басқа да нормативтік талаптарды болжамды бұзушылықта талаптардың орындалуын бақылауға жауап береді.

▪ Үшінші қорғаныс желісі (тәуелсіз кепілдік) Қоғамның Ішкі аудит қызметімен (бұдан әрі – ІАҚ) ұсынылған, ол тиімділікке тәуелсіз бағалау жүргізеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жақсартуға ықпал етеді, Аудит жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, оларға тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі мен ішкі бақылауды тәуелсіз бағалауды ұсынады.

▪ Тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауап беретін құрылымдық бөлімше (тәуекел бөлімі) екінші қорғаныс желісінің рөлін тиімді орындайды, осылайша Қоғамның мақсаттарына жетудегі Басшылықтың сенімін арттырады. Тәуекел бөлімі Қоғамдағы тәуекел мәдениетін, оның ішінде Қоғамның жаңадан қабылданған қызметкерлеріне бейімделу курсының тетіктерін, міндетті және функционалды сертификаттау, SCRUM отырыстары және т.б. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін лауазымға енгізу аясында тәуекелдер туралы құжаттарды ұсынуды қолдана отырып үнемі дамыту курсы қолдайды. Қажет болған жағдайда, тәуекел бөлімшесі Қоғам қызметкерлері арасында анонимді тәуекелдік сауалнамаларына бастамашылық жасауы мүмкін.

7.3. Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекел мәдениетінің деңгейі туралы ақпарат көзі Қоғамдағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалайтын құжаттар, компаниялардағы корпоративтік басқаруды диагностикалау туралы есептер және т.б. болып табылады.

7.4. Қоғамда Әдеп кодексі мен комплаенсты бұзу туралы хабарлау тәртібін белгілейтін Құпия ақпараттық саясат бар.

8. ТБЖ ұйымдық құрылымы


8.1. ТБЖ-ның қоғамдағы ұйымдық құрылымы сатылы және деңгейлес ақпарат ағынын қамтамасыз етеді.

8.2. Төменнен жоғары қарай саты бойынша түсетін ақпарат Жалғыз акционерді, Директорлар кеңесін, Қоғам Басқармасын ағымдағы қызмет, қызмет барысында қабылданған тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері мен оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді.

8.3. Жоғарыдан төменге бағытталатын шешім Қоғам мен оның кәсіпорындарына Жалғыз акционер, Басқарма, Директорлар кеңесі шешімдерді қабылдау, сондай-ақ Қоғам тәуекелдерін басқару жөніндегі құжаттарды бекіту арқылы мақсаттарды, стратегияларды және қойылған міндеттерді жеткізуді қамтамасыз етеді.

8.4. Ақпаратты деңгейлес жіберу Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен оның кәсіпорындарының тәуекелді басқару жөніндегі жауапты қызметкерлерінің өзара әрекеті деп түсіндіреді.

8.5. Қоғамның ТБЖ құрылымы Қоғамның мынадай органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейде берілген (1-сурет):



№1-сурет «ТБЖ ұйымдық құрылымы»

9. ТБЖ қатысушыларының функциялары

9.1. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласында мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің Даму стратегиясын бекіту;
- Қоғамның Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару және Қоғамның тәуекелдерді басқару құрылымы саласындағы басқа да ішкі құжаттарын (саясаттарын) бекіту;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару қағидалары мен рәсімдерін бекіту;
- Қоғам мақсаттарын (қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік) қою;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп-қисабын ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындау;
- тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептерді бекіту;
- Қоғамның қаржылық көрсеткіштеріне талдау мен бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқармашылық есеп-қисапты ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындау;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту;
- ТБЖ тиімділігінің көрсеткіштерін айқындайтын әдістемені айқындау;
- жыл сайын ТБЖ тиімділігін бағалауға арналған мәжіліс өткізе отырып, Қоғамның Ішкі аудит қызметі дайындаған тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;
- ішкі аудиторлардың ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқару, Ішкі аудит қызметі тексерістерінің нәтижелерін жақсарту жөніндегі қорытындыларына талдау жасау;
- осы Саясатты бекіту арқылы Қоғамның тәуекелдермен жұмысын мониторингтеу және бақылау бойынша жауаптылық деңгейлерін бекіту;

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	9 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	--------------

- Қоғам қызметінің үздіксіздік жоспарын бекіту;
 - ақпараттық технологиялар және күрделі ИТ ресурстарды қалпына келтіру саласында Қоғам қызметінің үздіксіздік жоспарын бекіту;
 - банкілерге лимиттен тыс қаржыларды бекіту;
 - Қоғамның шоғырландырылған деңгейдегі тәуекел-тәбетін бекіту;
 - негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
 - негізгі тәуекелдерге қатысты толеранттық деңгейлерін бекіту;
 - Қоғамның Тәуекелдер тізілімін және картасын бекіту;
 - тәуекелдерді мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту (Тәуекелдер тізілімі шеңберінде);
 - Қоғамның Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер арқылы қызмет мониторингін жүргізу.
 - Қоғамның Директорлар кеңесінің **Ішкі аудит комитеті** тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша мынадай функцияларды атқарады:
 - тәуекелдерді басқару жүйесінің жай-күйі туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептеріне талдау жасайды;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесі құралдарының тиімділігіне талдау жасайды, сондай-ақ осы аралас мәселелер бойынша ұсыныстар береді;
 - Қоғамның сыртқы және ішкі аудиторларының тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысты ұсынымдарының орындалуына бақылау жасайды;
 - басты тәуекелдер мен бақылау проблемаларын және қоғамның тәуекелдерді басқарудағы тиісті жоспарларын қарау үшін Қоғам басшылығымен үнемі кездесулер өткізіп тұрады;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің Даму стратегиясын алдын ала мақұлдайды;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару саласындағы Саясатын және басқа да ішкі құжаттарын алдын ала мақұлдайды;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерін алдын ала мақұлдайды;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есептерін алдын ала мақұлдайды;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін алдын ала мақұлдайды;
 - ТБЖ тиімділігін бағалау көрсеткіштерін айқындайтын әдістемені алдын ала мақұлдайды;
 - жыл сайын ТБЖ тиімділігін бағалауға арналған мәжіліс өткізе отырып, Қоғамның Ішкі аудит қызметі дайындаған тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді алдын ала мақұлдайды;
 - ішкі аудиторлардың ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқару, Ішкі аудит қызметі тексерістерінің нәтижелерін жақсарту жөніндегі қорытындыларын алдын ала мақұлдайды;
 - негізгі тәуекел көрсеткіштерін алдын ала мақұлдайды;
 - негізгі тәуекелдерге қатысты толеранттық деңгейлерін алдын ала мақұлдайды;
 - Қоғамның Тәуекелдер тізілімін және картасын алдын ала мақұлдайды;
 - Қоғамның шоғырландырылған деңгейдегі тәуекел-тәбетін алдын ала мақұлдайды;
 - банкілерге лимиттен тыс қаржыларды алдын ала мақұлдайды.
- 9.2. **Қоғам Басқармасы** тиімді ТБЖ ұйымдастыруға жауапты болады және мынадай функцияларды жүзеге асырады:
- осы Саясатты және тәуекелдерді басқару жөніндегі басқа ішкі құжаттарды іске асыру және олардың ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

- тоқсан сайын тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсыну;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі шоғырландырылған негіздегі тоқсан сайынғы есептерін қарау және мақұлдау, өз құзыретінің шеңберінде тиісті шаралар қабылдау;
- әлеуетті тәуекелдерді теңдестіру мен бағалауға мүмкіндік беретін тиімді ТБЖ жұмысын ұйымдастыру;
- тәуекелдерді басқару жүйесі жұмысының тиімділігі жөніндегі есептерді қарау және Директорлар кеңесіне ТБЖ тиімділігі туралы куәлік беру;
- Қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін және тәуекелдердің азаюын және барабар бақылауды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымын бекіту;
- Директорлар кеңесі бекіткен нормативтік құжаттардың шеңберінде Қоғамдағы тәуекелдерді басқаруға ден қою жөніндегі іс-шаралар мен әдістемелерді және Қоғам кәсіпорындарының тобы бойынша кейбір іс-шараларды бекіту;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі құжаттарын бекіту;
- Қоғам кәсіпорындарының банкілеріне лимиттерді және депозиттеріне Қоғамның уақытша бос ақшаларын орналастыруға болатын банк тізбесін бекіту;
- тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі рәсімдер мен регламенттерді жетілдіру;
- Қоғам кәсіпорындарын басқару органдарының тәуекелдерді басқару туралы тоқсан сайынғы есептерін қарау.

9.3. Қоғамда шоғырландырылған және жекелеген негізде тәуекелдерді басқаруға байланысты мәселелерге жетекшілік ететін басшылар санатынан Қоғамның Тәуекел-Офицері-лауазымдық тұлғасы тағайындалады. Қоғамның Тәуекел-Офицері мына талаптарға сәйкес болуға тиісті:

- тікелей Қоғамның бірінші басшысына бағынуға тиісті;
- қаржылық тәуекелдермен (экономикалық жоспарлау, корпоративтік қаржылар, қазынашылық, бухгалтерлік есепке алу) байланысты функцияларды қоса атқармауға тиісті;
- мүдделер қақтығысынан аулақ болу үшін Тәуекел-Офицер Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетінің мүшесі болмауға тиісті.

9.4. **Қоғам Басқармасы жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті** мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- жыл сайын ТБЖ жұмыс жоспарын қарау және мақұлдау;
- Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі жобалары (оның ішінде Тәуекелдерді басқару саясаты мен қағидалары) мен өзге құжаттарын қарау және алдын ала мақұлдау;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген құжаттарды ұдайы жаңғырту мен жетілдіруге, сондай-ақ Қоғамның басшылары мен қызметкерлерін осы құжаттардың талаптары мен аспектілеріне жүйелі оқытуды ұйымдастыруға бақылау жасау;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттардағы тәуекелдерді басқару әдістерінің тізбесін, тәуекелдерді табу, сыныптау және бағалау нәтижелері бойынша құрылымдық бөлімшелер ұсынған тәуекелдерді басқару тәсілдерін келісу;
- тәуекелдердің жай-күйіне, Қоғамның тәуекелдер бойынша неғұрлым қолжетімді лимиттерінің сақталуына және Қоғам бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды орындауына бақылау мен мониторингті жүзеге асыру нәтижелері бойынша ұсыныстарды қарау және дайындау;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйеге қойылатын функционалдық талаптарды қарау;
- қолайсыз әсерлер (оның ішінде қоршаған ортаны қорғауға, нарық шарттарын өзгертуге, форс-мажорлық жағдаяттарға арналға және т.с.с.) туындаған кезде іс-шаралар жоспарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау және қарау;

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	11 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	---------------

- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару процесіндегі өзара іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асыру;
 - Басқармаға тәуекелдерді басқару туралы есеп беру;
 - негізгі тәуекелдерге қатысты тәуекел-тәбетті, толеранттық деңгейлерін қарау және мақұлдау;
 - банкілерге және депозиттеріне уақытша бос ақшаларды салуға болатын екінші деңгейлі банкілердің тізбесіне арналған лимиттерді қарау және мақұлдау (қажет болса);
 - тәуекелдер тізілімі шеңберіндегі тәуекелде иелерін қарау және мақұлдау;
 - тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарлары мен тәуекелдер картасын қоса алғанда, тәуекелдер тізілімін қарау және мақұлдау;
 - негізгі тәуекел көрсеткіштерін қарау және мақұлдау;
 - тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және қолдау бойынша ұсыныстар әзірлеу;
 - ішкі аудиторлардың, консультанттар мен ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын қарау, ішкі аудиторлардың, консультанттар мен ішкі аудит қызметі тапқан проблемаларды шешу бойынша Қоғам бөлімшелері қабылдайтын шаралардың тиімділігін қарау;
 - жыл сайын тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жоспарын қарау және мақұлдау;
 - Басқармаға Комитет қызметінің нәтижелері туралы есеп беру.
- 9.5. Қоғамның тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесі** мына функцияларды жүзеге асырады:
- Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің даму стратегиясын әзірлеу;
 - Қоғам кәсіпорындарының басқару органдары арқылы Қоғам кәсіпорындарында тәуекелдерді басқару процесін үйлестіру және жетілдіру;
 - тәуекелдерді басқарудың басқа бизнес-процестерге кірігуін қамтамасыз ету және Қоғамда тәуекел-мәдениетті дамыту;
 - жыл сайын ТБЖ жұмыс жоспарын жасау;
 - Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің ТБЖ бойынша ішкі құжаттарды орындауын бақылау;
 - тәуекел иелері мен тәуекел үйлестірушілерді тағайындау бойынша ұсыныстар жасақтау;
 - негізгі қатерлерді теңдестіру және бағалау процесін ұйымдастыру мен үйлестіру;
 - тәуекел иелерінің тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын (Тәуекелдер тізілімі шеңберінде) әзірлеуіне бастамашы болу және оны орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;
 - Тәуекелдер тізілімінің иелерімен бірлесіп Қоғамның тәуекелдер картасын жасау;
 - Қоғам кәсіпорындары басқару органдарының қарауына шығарылатын Қоғам кәсіпорындарының тәуекелдерді басқару туралы тұрақты есептерін қарау және келісу;
 - тоқсан сайын Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару туралы жиынтық есептерді жасау және ұсыну;
 - Қоғам кәсіпорындарының ТБЖ мерзімдік бағалауды ұйымдастыруға қатысу, корпоративтік басқару диагностикасы шеңберінде «Тәуекелдерді басқару» кіші компонентін бағалау бойынша ұсыныстар және Қоғам кәсіпорындарында ТБЖ дамыту деңгейін диагностикалау әдістемесі бойынша ұсыныстар енгізу;
 - Қоғамның инвестициялық жобаларының жобалар бойынша ақпаратты ашу мен талдаудың жеткіліктілігі бөлігінде стратегиялық бағыттамалық жобаларды келісу;
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру (жаңарту);
 - Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, сондай-ақ оны іске асыру мониторингі;

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	12 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	---------------

- тәуекелдерді басқару процесіндегі айтарлықтай ауытқулар туралы Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесін хабардар ету;
- іске асырылған тәуекелдердің дерекқорын жасау және жүргізу, тәуекелдерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды анықтау;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне/Қоғам кәсіпорындарына әдістемелік және консультациялық көмектер беру ;
- ТБЖ талдау нәтижесі бойынша Қоғам кәсіпорындарына ұсынымдар әзірлеу;
- Ішкі аудит жоспарын жасау, ақпарат алмасу, аудиторлық тексеру фактілерін талқылау, білім мен әдіснама алмасу бөлігінде Қоғамның Ішкі аудит қызметімен өзара іс-қимыл жасау;
- Қағам қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі оқу семинарлары мен тренингтерін өткізу бөлігінде ұсыныстар түсіру;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен Қоғамның байқалған және әлеуетті тәуекелдерін теңдестіру мен бағалау мәселелері, сондай-ақ осы тәуекелдерді басқару әдістері бойынша кеңестер, жұмыс кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің /Қоғам кәсіпорындарының іске асқан тәуекелдері бойынша есептерді қарау және талдау;
- Қоғам Басқармасының жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетінің отырыстарына қатысу, онда қабылданған шешімдер туралы хаттамалар дайындау және оларды Қоғам басшылары мен қызметкерлерінің қажетті ауқымының назарына жеткізу;
- Қоғам басшылары мен қызметкерлерін тәуекелдерді басқару тәжірибесіне жүйелі түрде оқыту процесін 2 жылда кем дегенде 1 рет ұйымдастыру;
- Қоғам Басқармасының жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетіне негізгі тәуекелдер бойынша тәуекел-тәбеттің шамасына және толеранттық деңгейлеріне қатысты ұсыныстар дайындау;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі жетекші халықаралық және қазақстандық компаниялардың тәжірибесімен салыстырмалы талдау жүргізу;
- негізгі тәуекел көрсеткіштерін әзірлеу және негізгі тәуекел көрсеткіштерін қалыптастыру;
- Қоғам Басқармасының жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетіне тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының (Тәуекелдер тізілімі шеңберінде) орындалуы туралы есеп-қисап ұсыну;
- негізгі тәуекел көрсеткіштері бойынша ағымдағы мәртебе мониторингі, және осы ақпараттың негізінде Қоғам Басқармасының жанындағы Тәуекелдерді басқару комитетіне есептер беру.

9.6. **Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары (тәуекелдердің иелері)** тәуекелдерді басқару процесінде негізгі рөлді атқарады. Тәуекелдердің иелері мыналарға дербес жауап береді:

- өзінің қызмет аясындағы айтарлықтай тәуекелдерді уақытылы анықтау және ол туралы хабардар ету,
- іс-шаралар жоспарына енгізу үшін тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар беру,
- тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарын орындау және іс-шараларға қатысушылардың іс-қимылдарын үйлестіру,
- орын алған барлық тәуекелдер туралы Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшеге уақытылы ақпарат беру.

Тәуекел иелерінің тәуекелдерді басқару процесіндегі негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- Қажет болса, тоқсан сайын қайта қарай отырып, тәуекелдерді жыл сайын теңдестіру және бағалау;

тәуекелдерді басқару туралы есеп-қисапты уақытылы жасау және шоғырландыру үшін оны Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне беру.

- Әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу және өз құзыретінің шеңберінде тәуекелдерді басқару тәсілдері мен әдістері бойынша ұсыныстар дайындау;

- тәуекелдерді азайту жөніндегі ағымдағы іс-шаралардың тиімділігін бағалау негізінде немесе ағымдағы іс-шаралар болмаған жағдайда, оларды іске асырудың негізгі кезеңдерін және жауапты тұлғаларын көрсете отырып, тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарларды әзірлеу;

- тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының мазмұнын тәуекел иелерінің және басқа мүдделі тараптардың назарына уақытылы жеткізу;

- тәуекелдерді азайту жөніндегі бекітілген іс-шараларды іске асыру, олардың орындалуын бақылау;

- іске асқан тәуекелдерге уақытылы ден қою, тәуекел жағдайларына дәйекті ден қоюдың тиісті жоспарын орындау процесіне басшылық жасау және ақпаратты Қоғам басшылығына жеткізу;

- тәуекелді бағалаудың мұның алдындағы нәтижелерінің өзгеруіне соқтыруы мүмкін сыртқы/ішкі факторларды бақылауды жүзеге асыру, Қоғамның тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне тиісті ақпаратты беру;

- Қоғамның тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшесіне тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы мен нәтижелері туралы есеп-қисап беру;

- Қоғамда тәуекел-мәдениетті дамыту процесіне жәрдемдесу.

9.7. **Қоғамның ішкі аудит қызметі** тәуекелдерді басқару процесінде мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

- тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдерді бағалау методологиясының аудитін, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау;


- Қоғамның Директорлар кеңесіне ТБЖ тиімділігін бағалау жөніндегі есепті, оның ішінде үш жылда кемінде бір рет тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау бойынша есеп беру;

- үш жылда бір рет ТБЖ жетілдіру жөніндегі жоспар шеңберіндегі рәсімдер аудитін жүргізу, оны ішкі аудитор дайындайды, және тұрақты негізде жаңартылып отырады;

- бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

10. ТБЖ-ның жұмыс істеу процесі

10.1. Тәуекелдерді басқару тұрақты, серпінді, тоқтаусыз және циклді процесс болып табылады, оның шеңберінде ТБЖ қатысушыларының арасында ақпарат пен коммуникацияның алмасуы өтеді. ТБЖ-ның жұмыс істеу процесі №2 кестеге сәйкес келесі кезеңдерден тұрады:



Сыртқы орта

№2 сурет «Тәуекелдерді басқару процесі»

10.2. ТБЖ шеңберінде Қоғам алдында мақсаттар қою негізгі элемент болып табылады. Қоғам басшылығы оларға қол жеткізуде теріс әсер етуі мүмкін ықтимал уақиғаларды анықтауды бастаған уақытқа дейін, мақсаттар айқындалуы тиіс. Мақсаттарға қол жеткізу Қоғам қызметін қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге стратегиялық дұрыс жоспарлау арқылы жүзеге асырылады. Осы мақсаттар үшін Қоғам басшылығы бизнес-жоспарларын, даму жоспарларын, дамудың стратегиялық бағыттарын және ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеуді жүргізеді.

11. Ішкі және сыртқы орта

11.1. Ішкі орта Қоғамның тәуекелдерге жалпы қатынасын, және оның қызметкерлері тәуекелдерді қалай қарастыратынын және әрекет ететінін анықтайды. Ішкі орта ТБЖ-ның басқа барлық компоненттеріне негіз болып табылады, оған адами, қаржылық және басқа да ресурстармен айқындалатын тәуекел-менеджмент философиясы, тәуекел-тәбет, басқару органдарының тарапынан бақылау, әдеп-құндылықтар, жұмыскерлердің құзыреті мен жауаптылығы, Қоғам құрылымы, оның мүмкіншіліктері енеді.

11.2. Қоғамның қызметі жұмыскерлердің тәуекелдерді түсінуін арттыратын және тәуекелдерді басқару үшін олардың жауапкершілігін арттыратын ішкі ортаны құруға бағытталған. Ішкі орта Қоғам қызметінің келесі қағидаларын:

- шешімдерді қабылдаған кезде тәуекелдердің барлық нысандарын сәйкестендіру мен қарауын, сондай-ақ Қоғам басшылығының тәуекелдерді кешенді көру тәсілін қолдауын;

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	15 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	---------------

- басқару сатысының (Қоғам, құрылымдық бөлімшелер және т.б.) тиісті деңгейлерінде тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару үшін меншік пен жауаптылықты сезуді қолдауын;

- жұмыскерлердің қызметі Қоғамның ішкі саясаты мен процедураларына сәйкестігін қадағалауын;

- тәуекелдерді басқару жүйесінің елеулі тәуекелдері мен кемшіліктері туралы уақытылы хабарлауын;

- тәуекелдерді басқару саласындағы саясат және процедуралар міндетті болып табылатынын түсінуін қолдауы тиіс.

11.3. Қоғамның сыртқы ортамен (бизнес құрылымдарымен, әлеуметтік, реттеуші, басқа да мемлекеттік және қаржылық органдарымен) өзара қарым-қатынасы өзінің бейнесін ішкі ортада табады және оның қалыптасуына әсер етеді. Қоғамның сыртқы ортасы өзінің құрылымы бойынша күрделі болып табылады және оған өзара байланысты әртүрлі саланың аспектілері енеді.

12. Қоғамның негізгі тәуекелдеріне тәуекел-тәбетті және төзімділік деңгейін анықтау

12.1. Қоғам стратегиялық мақсаттарға (қызметтің стратегиялық бағыттарына) жету үшін қабылдауға дайын тәуекел-тәбетті айқындайды. Тәуекел-тәбет тәуекелдерді тиімді мониторингілеу және ден қою үшін қажетті ұйым ішінде ресурстарды бөлуге, процестерді ұйымдастыруға және инфра құрылымды құруға әсер етеді.

12.2. Қоғамның тәуекел-тәбетін анықтау шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару қызметінің ұйымдастырылуына жауапты құрылымдық бөлімше жүргізеді және ол Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітілуіне шығарылады.

12.3. Қоғамда тиімді мониторингілеуді жүзеге асыру және тәуекел-тәбет деңгейінің артуын болдырмау мақсатында негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейі пайдаланылады.

12.4. Тәуекел иелері негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейін екі негізгі тәсілдемелердің негізінде анықтайды:

- Субъективті тәсілдеме;
- Объективті тәсілдеме.

12.5. Қоғам кәсіпорны тәуекелдерді басқару туралы Қоғамның ішкі құжаттарында жазылған негізгі талаптарды міндетті түрде сақтай отыра, негізгі тәуекелдерге өзінің тәуекел-тәбетін және төзімділік деңгейін анықтайды.

12.6. Тәсілдерді көрсете отырып, негізгі тәуекелдерге тәуекел-тәбет пен төзімділік деңгейін анықтау процесі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың негізгі тәуекелдеріне тәуекел-тәбет пен төзімділік деңгейін анықтау және мониторингілеу» нұсқаулығымен реттелген.

13. Тәуекелдерді сәйкестендіру

13.1. Тәуекелдерді сәйкестендіру – бұл шоғырландырылған және жекелей негізде Қоғамның уақиғалардың әсеріне шалдықыштығын анықтау, оның басталуы жоспарланған мақсаттарға жету және алға қойылған мақсаттарды іске асыру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесінің бағытын және оны жетілдіру қажеттілігін анықтау қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін.

13.2. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін алға қойылған мақсаттар мен міндеттердің, салалық және халықаралық салыстырулардың, семинарлар мен талқылаулардың, сұхбаттасудың, сауалнама жүргізудің, ой-талқы SWOT-талдауының, аудиторлық және басқа да тексерулердің қорытындысы бойынша есептер талдауының, Near Miss талдауының, болған шығындардың деректер базасы мен тағы басқалардың негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру сияқты әртүрлі әдістер мен құралдар амалдары пайдаланылады.

13.3. Қоғамда тәуекелдерді сыныптамаулау үшін тәуекелдерді келесі санаттар бойынша топтастыру пайдаланылады:

- стратегиялық тәуекелдер;
- қаржылық тәуекелдер;
- құқықтық тәуекелдер;
- операциялық тәуекелдер;
- инвестициялық тәуекелдер.

13.4. Қоғам өз қызметінде кездестіретін идентификациялық тәуекелдер тәуекелдер тіркелім нысанында жүйеге келтіріледі, сондай-ақ ол да аталған тәуекелдердің ықтимал іске асырылуының әртүрлі сценарийлерін қамтиды. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және тәуекелдерді басқару әдістерін анықтау» қағидаларында егжей-тегжейлі жазылған тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі жылына бір рет тәуекелдер тіркелімін анықтау және қалыптастыру процесіне бастамашылық етеді.

14. Тәуекелдерді бағалау

14.1. Тәуекелдерді бағалау процесі Қоғамның қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге жетуге теріс әсер етуі мүмкін ең маңызды тәуекелдерді белгілеу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер осы тәуекелдер бойынша басқару мен бақылау туралы шешім қабылдауға тиіс Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылуы тиіс.

14.2. Тәуекелдерді бағалау жыл сайынғы негізде Қоғамның барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда Қоғамның қызметінде елеулі өзгерістер және қоршаған ортада өзгерістер болған жағдайда одан да жиі бағалау жүргізілуі тиіс, бұл компанияның өзекті тәуекелді бағдарын қамтамасыз ету үшін қажет.

14.3. Тәуекелдер иелері тәуекелдердің бастапқы бағалауын сапалы негізде жүргізеді, содан кейін есептеу мүмкіндігі кезінде сандық бағалауды жүргізуі мүмкін.

14.4. Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі.

14.5. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және тәуекелдерді басқару әдістерін анықтау» қағидаларында тәуекелдерге сапалы және сандық бағалау жүргізу тәртібі жазылған.

14.6. Процестің тиімділігін қамтамасыз ету және оны жүзеге асыруға кететін шығындарды азайту үшін Қоғам өзінің қаржылық жағдайына және мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге едәуір әсер етуі мүмкін тәуекелдерге назар аударуы керек.

14.7. Тәуекелді бағалау Тәуекелдер картасындағы тәуекелдердің әрқайсысының позициясына сәйкес белгіленеді:

- сыни тәуекелдер - тәуекелдер картасының қызыл аймағы - ең үлкен басымдылықтағы тәуекелдер. Мұндай тәуекелдер Тәуекел тәбетінің 75% және одан да жоғары деңгейін құрайды;


- ірі тәуекелдер - қауіп-қатер картасының қызғылт сары аймағы - екінші басымдылықтағы тәуекелдер, олардың орындалуы кезінде зиян Тәуекел тәбеті деңгейінің 50-75% шегінде қалады;

- орташа тәуекелдер - қауіп-қатер картасының сары аймағы - үшінші басымдылықтағы тәуекелдер, оның орындалуы кезінде зиян Тәуекел тәбеті деңгейінің 25-50% шегінде қалады;

- төмен тәуекелдер - тәуекелдер картасының жасыл аумағы – Тәуекел тәбеті деңгейінің 25% дейінгі тәуекелдер.

14.8. Бағалау нәтижелерінен басқа, тәуекелдерге басымдық беру кезінде келесі критерийлерді ескеруге болады: Қоғамның тәуекелге бейімделу және оған жауап беру қабілеті, тәуекелдердің өзара тәуелділігі, нәтижесінде тәуекелдерді басқарудың күрделілігі

артады, тәуекелдің Қоғам қызметіне әсер ету коэффициенті, тәуекел салдарының Қоғамға теріс әсер ету ұзақтығы және т.б.



№3 сурет «Тәуекелдер картасы»

15. Тәуекелдерді басқару

15.1. Тәуекелдерді басқару бекітілген стратегиялардан, даму жоспарларынан және басқа да ішкі құжаттардан туындаған Қоғам алдына қойылған айқын мақсаттар, міндеттер мәнмәтінінде өтуі тиіс. Қоғам кем дегенде жылына бір рет тәуекел-тәбетті айқындауы және тәуекелдер тіркелімін қалыптастыруы тиіс.

15.2. Қоғам тәуекелдерге ден қою әдісін анықтайды және барлық құрылымдық бөлімшелер орындауға міндетті болып табылатын негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

15.3. Тәуекелдер иелері тәуекелдерді басқару жөніндегі сақтандыру іс-шараларын орындауға жауапты болады.

15.4. Қоғамның тәуекелдерін басқару тәсілдерін анықтаған кезде таңдауға әсер ететін негізгі келесі факторлар ескерілуі тиіс:

- тәуекел-тәбет;
- тәуекелдерді басқарудың сол немесе өзге де тәсілдерімен байланысты шығындар мен пайдаға талдау жүргізу.

15.5. COSO әдіснамасына сәйкес қалдықтық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерге ден қою әдістерін талдау және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу өзіне ден қоюдың келесі стратегияларын қамтиды:

- тәуекелдерді кеміту;
- тәуекелдерді қаржыландыру;
- тәуекелдерді қабылдау;
- тәуекелден жалтару.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және тәуекелдерді басқару әдістерін анықтау» қағидаларында тәуекелдерді басқару бойынша тәсілдер мен іс-шаралар жоспарлары туралы ақпарат ұсынылған.

16. Бақылау әрекеттері

16.1. Бақылау әрекеттері - бұл тәуекелдерді басқару бойынша шараларды орындауды қамтамасыз етуге көмектесетін саясаттар мен процедуралар. Бақылау әрекеттері Қоғамның барлық деңгейіндегі бизнес-процестеріне енгізілген. Бақылау әрекеттеріне мақұлдау,

авторландыру, анықтау, келісу, операциялардың өткізуін талдау, активтер қауіпсіздігі және жауаптылықты бөлу сияқты кең шаралар спектрі енеді.

16.2. Бизнес-процестердің иелері және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бизнес-процестердің талдауын жүргізуге және қосымша бақылау әрекеттерін енгізудің қажеттілігі мен дұрыстығын анықтауға жауапты.

16.3. Қоғамда тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік негізінде ағымдағы тәуекелдерге және тәуекелдерге ден қою жөніндегі шаралардың орындалуына бақылау жүргізіледі.

16.4. Қоғамның қызметкерлері және лауазымды тұлғалары Қоғамның Ішкі аудит комитетіне/Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару процедураларының немесе ішкі бақылауының немесе басқа да саясаттардың бұзылуы немесе дұрыс орындалмауы, сондай-ақ алаяқтық, ҚР заңнамасының бұзылуы туралы құпия мәлімдеуге құқылы.

16.5. Ішкі бақылау туралы егжей-тегжейлі ақпарат «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ішкі бақылау жүйесі» қағидаларында көрсетілген.

17. Ақпараттармен алмасу

17.1. Қоғамның тәуекелдерді басқару құрылымы тікелей және горизонталь бойынша ақпараттың дәлме-дәл ағындарымен қамтамасыз етеді. Қоғамның тәуекелдері туралы ақпаратпен тұрақты алмасу процесінің мақсаты мыналардан тұрады:

- тәуекелдердің иелеріне осындай немесе басқа да елеулі тәуекелдердің басқаруына жеке жауаптылықты бекітуден;
- тәуекелдерді басқаруды Қоғамның тиісті деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс барлық тәуекелдер туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің назарына уақытылы жеткізуден;
- тиісті іс-шаралардың (күтілетін нәтиже, мерзімдер, ресурстар және т.б. қоса) орындалуына олардың жеке жауаптылықтары туралы ақпаратты тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындаушыларының назарына уақытылы жеткізуден;
- Қоғамның кросс-функционалдық тәуекелдерін басқару барысында ақпараттармен тиімді алмасуды қамтамасыз етуден.

17.2. Қоғам ашылатын ақпараттың нақтылау деңгейі Қоғам қызметінің сипаты мен көлеміне сәйкестігін қамтамасыз етіп, тәуекелдерді басқару туралы ақпаратты серіктестіктерге, кредиторларға, сыртқы аудиторларға, рейтингтік агенттіктерге және өзге де мүдделі тараптарға (соның ішінде жыл есебінің құрамында) жеткізеді.

17.3. Қоғамда тәуекелдер туралы ақпараттың екі түрлі көзі бар: кәсіпорындар құрастыратын есептілік және Қоғам құрастыратын есептілік. Тәуекелдер туралы есептіліктің мазмұны бойынша талап осы саясаттың 1-қосымшасында көрсетілген.

18. Мониторинг

18.1. Қоғамда (тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы әдістері мен тәуекелдерді бақылау құралдарын қоса) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін мониторингілеу және, қажет болса оны түрлендіру және жетілдіру жүзеге асырылады. Мониторинг тұрақты негізде жылына кем дегенде бір рет жүргізіледі.

18.2. ТБЖ-ны мониторингілеу барлық бизнес-процестің маңызды бөлігі болып табылады және осындай жүйенің барын да, сондай-ақ оның компоненттерінің өткізімін де бағалайды. Мониторинг тәуекелдерді басқару жүйесінің саясатын, процедурасын және іс-шараларын және мақсатты тексерулердің орындалуын тұрақты қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Мақсатты тексерудің көлемі мен жиілігі тәуекелдерді бағалауға және тұрақты мониторингілеудің тиімділігіне байланысты. ТБЖ-ның кемшіліктері Қоғамның Директорлар кеңесі мен басқармасының назарына жеткізілуі тиіс.

18.3. Қоғамның Директорлар кеңесі негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекіткеннен кейін тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше әрбір

іс-шараның орындалу мерзіміне сәйкес іс-шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

18.4. Тәуекелдер мен тәуекел-факторларды мониторингілеудің негізгі құралдарының бірі негізгі тәуекел көрсеткіштері (НТК) боып табылады. НТК ықтимал тәуекелдерді анықтауға және тәуекел уақиғалардың басталуын болдырмау немесе ұйымның қызметіне оның әсерін барынша азайту үшін алдын ала шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

18.5. Қоғамдағы тәуекелдерді мониторингілеудің тиімділігін арттыру мақсатында екі тәсілді пайдалана НТК қолданылады:

- тәуекелдер факторларының негізінде НТК анықталады;
- тәуекелдерді басқару жөніндегі алдын ала іс-шараларының негізінде НТК анықталады.

18.6. НТК-ны анықтау процесінің үлгілер мен шаблондары бар егжей-тегжейлі сипаттамасы «Қазатомөнеркәсп» ҰАҚ» АҚ негізгі тәуекел көрсеткіштерін анықтау және мониторингілеу» нұсқаулығында реттелген.

19. Тәуекелдерді басқару процесінің стратегиялық жоспарлау және операциялық қызмет, бюджеттендіру және уәждеме процестерімен өзара байланыс

19.1. Тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның негізгі бизнес-процестерінің өзара іс-қимылына негізделеді.

19.2. Тәуекелдерді басқару процесінің **стратегиялық жоспарлау** процесімен өзара байланысы (шектелмей) мыналарды қамтиды:

- стратегиялық жоспарларды әзірлеу процесі алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жетуге әсер етуге қабілетті тәуекелдерді табу мен талдауды көздеуі тиіс.
- Қоғамның стратегиялық жоспарлары жоспарланған стратегиялық бастамаларды іске асырумен байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталағн кешенді шараларды көздеуі тиіс.

19.3. Тәуекелдерді басқару процесінің **операциялық қызмет** процесімен өзара байланысы (шектелмей) мыналарды қамтиды:

- тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары (жеке іс-шара) Қоғамның/Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жыл сайынғы тиісті жұмыс жоспарларына енгізіледі;
- тәуекел иесі өзі ұсынған тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін қажетті уақытша және әкімшілік ресурстарды объективті бағалауы, және алған бағалауды тәуекел туралы тиісті есепте көрсетуі тиіс;
- құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды орындау үшін қажетті уақытша және әкімшілік ресурстар бөлінуі тиіс;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері іске асырылған тәуекелдер туралы есепті ұсынады.

19.4. Тәуекелдерді басқару процесінің **инвестициялық қызмет пен кредиттік қызмет** процесімен (кредитті, қаржы көмегін және қаржы кепілдіктерін алу, ұсыну кезінде) өзара байланысы (шектелмей) мыналарды қамтиды:

- инвестициялық жобалардың (соның ішінде Қоғамның Кредиттік/Инвестициялық комитеттерінің қарауына шығарылатын жобалар) бастамашылары инвестициялық жобаларды қарау және әзірлеу процесінде инвестициялық жобалардың алдына қойылған мақсаттарды іске асыру мен жеткізуіне әсер етуге қабілетті тәуекелдерді анықтау және талдау көзделуі тиіс. Сондай-ақ жобаларды іске асырумен байланысты негізгі тәуекелдердің ықтимал жағымсыз тиімділігін барынша азайтуға бағытталған кешенді шаралар көзделуі тиіс;

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	20 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	---------------

- кредитті алу/ұсыну процесінің бастамашылары (қарыз қаражаттарын тарту/ұсыну) Қоғамның қаржылық тұрақтылығы үшін Қоғамның/Қордың борыш және қаржылық тұрақтылығын басқару жөніндегі ішкі құжаттамаға сәйкес тәуекелдерді талдауды, алайда Қоғамның Басқармасы, сыртқы кредиторлар (бар болса) белгілеген нормативтерін сақтау тиімділігіне талдауды шектемей енгізуі тиіс.

- контрагенттерге кредитті (қарызды) және қаржылық кепілдіктерді ұсыну процесінің бастамашылары Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес кредиттік тәуекелдің талдауын енгізуі тиіс.

19.5. Тәуекелдерді басқару процесінің **бюджеттендіру** процесімен өзара байланысы:

- Қоғам Басқармасы/Директорлар кеңесі, тәуекелдер иелері тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту алдында ұсынылған тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін қажетті қаржылық ресурстарды көздеу және аталған мәселені бюджеттендіруге жауапты құрылымдық бөлімшемен пысықтау қажет;

- Қордың еншілес ұйымдарының Даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуын мониторингілеу қағидаларына сәйкес Даму жоспарының факторлары мен тәуекелдер кестесін толтыру Қоғамның бекітілген Тәуекелдер тіркелімінің негізінде жүзеге асырылады.

19.6. Тәуекелдерді басқару процесінің **персоналды уәждемелеу** процесімен өзара байланысы (шектелмей) мыналарды қамтиды:

- оларға жүйемен көзделген барлық процедураларды орындау бойынша ТБЖ қатысушыларының міндеттемелері лауазымдық нұсқаулықтарда бекітілуі тиіс, ал Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары олардың орындалуының мониторингісін жүргізуі тиіс;

- сонымен қатар Қоғамның басшылары мен қызметкерлерін уәждауға тартылған ынталандыру тетіктерін көздеу, белгіленген мерзімдер мен мақсатты көрсеткіштерге сәйкес ТБЖ аясында лайықты түрде әрекет ету ұсынылады.

20. Тәуекелдер туралы ақпараттың қауіпсіздігіне талаптар

20.1. Тәуекел иелері Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің осы немесе басқа да лауазымды тұлғаларын осы немесе басқа тәуекелдерді сипатау, бағалау туралы егжей-тегжейлі ақпаратқа немесе басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына қолжетімділік туралы шешімді қабылдайды.

20.2. Тәуекелдерді басқару туралы құпия ақпаратқа талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен және басқа да құжаттарымен реттеледі.

20.3. «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар Қордың Тәуекелдерді басқару бойынша құжаттар мен ол бойынша есептіліктің тізбесі Қордың Тәуекелдерді басқару саясатында сипатталған.

20.4. «ҚБПУ» деген белгісі бар тәуекелдер туралы ақпаратқа қолжетімділік алушы сыртқы тұлғаларға құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойылғаннан кейін ғана қолжетімділік берілуі мүмкін.

21. ТБЖ тиімділігінің критерийлері

21.1. ТБЖ жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін Қоғамның әрбір құрылымдық бөлімшесінде міндетіне өзінің құрылымдық бөлімшесінде тәуекелдерді басқару жұмысын ұйымдастыру және Қоғамда ТБЖ процедураларының барлық сатыларында іске асыруда

тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшемен ынтымақтастық енетін тәуекел-үйлестіруші тағайындалады. Қоғамда тәуекел-мәдениетті қолдау және арттыру үшін Қоғамның қолданыстағы ТБЖ-ымен Қоғамның жаңа қызметкерлерін таныстыру және барлық қызметкерлерді мерзімді (кем дегенде жыл сайынғы негізде) таныстыру үшін оқыту жүргізіледі. Оқыту аяқталғаннан кейін ТБЖ мәселелерін үйлестіруші құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері (тәуекел-үйлестірушілер) алған білімдерін растау үшін бақылау тестілеуді тапсырады.

21.2. ТБЖ-ның тиімділігі ішкі және/немесе сыртқы аудиторлар немесе тәуелсіз сарапшылар өткізген тәуелсіз тексерулердің қорытындыларымен расталады.

21.3. ТБЖ-ны бағалау «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және дауыс беруші акцияларының елуден астам пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың Корпоративтік басқару тиімділігін бағалау әдісіне сәйкес жүргізіледі.

22. Қосымша

- 22.1. 1-қосымша «Тәуекелдерді басқару туралы есептің құрылымы және мазмұны».
- 22.2. 2-қосымша «Тәуекелдер есебін ұсыну мерзімі».

1-қосымша

20__ жылғы _____

Тәуекелдерді басқару туралы есептің құрылымы және мазмұны**(Қоғам/Қоғам кәсіпорны)**(Есепті кезең)*

1. Тәуекелдер картасы және тіркелімі:
 - а) Негізгі тәуекелдердің динамикадағы өзгерістері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты ұсына отырып, болжамды жылдың тәуекелдер картасы, тәуекелдер картасындағы есепті тоқсандағы өзгерістер.
 - б) Ықпалдың сапалық/сандық бағалауы ықтималдығының/ықпалдығының төмендеуі бойынша іс-шаралар жоспарының іске асыру себептерін көрсете отырып, сыни тәуекелдерді жеке шығару.
 - с) Болжамды жылдың тәуекелдер тіркелімі, қажет болса, тоқсан сайын енгізілген түзетулермен тәуекелдер тіркелімі.
 - д) Жылына бір рет тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары, қажет болса тоқсан сайын тәуекелдерді басқару жоспарына енгізілген өзгерістер.
 - е) Есепті кезеңде қабылданған шаралардың тиімділігін бағалай отыра тоқсан сайын тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы.
 - ф) Ықпалдың сапалық/сандық бағалауы ықтималдығының/ықпалдығының төмендеуі бойынша іс-шаралар жоспарының туындау себептерін көрсете отырып, жаңадан анықталған тәуекелдер (қауіптер).
2. Болжамды жылдың тәуекел-тәбеті (жылына бір рет), қажет болса тоқсан сайын түзетілген тәуекел-тәбет.
3. Тәуекелдер портфеліне елеулі әсер етуі мүмкін НТК-ны қоса, негізгі тәуекелдер бойынша НТК және оның динамикасы.
4. Қаржы тәуекелдері бойынша есеп:
 - а) Қаржы тәуекелдерінің жекелеген түрлерін (корпоративтік контрагенттер бойынша валюталық, пайыздық, елдік, кредиттік тәуекел, контрагент банкілер бойынша кредиттік тәуекел) басқару қағидаларына сәйкес қаржы тәуекелдері.
 - б) Тәуекелдер бойынша лимиттерді, соның ішінде банк-контрагенттердің лимиттерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат.
 - с) «Самұрық-Қазына» АҚ Борыштарды және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатына сәйкес борыш жүктемесі және ковенанттық міндеттемелерді орындау туралы ақпаратты қоса, қаржылық тұрақтылық туралы есеп.
5. Олардың сапалық/сандық бағалауларының қорытындыларымен сыни операциялық тәуекелдер туралы есеп.
6. Инвестициялық жобалардың іске асырылған тәуекелдерін қоса инвестициялық жобалардың тәуекелдері туралы есеп.
7. Зиянды (оны есептеу мүмкін болса сандық, және сапалық бағалау) және қабылданған іс-шаралардың тиімділігін бағалай отырып, аталмыш тәуекелдерге ден қою бойынша қабылданған іс-қимылды міндетті түрде көрсете іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат (тоқсан сайын). Бекітілген тәуекел-тәбетпен кезеңдегі іске асырылған тәуекелдерден болған шығасының салыстырмалы талдауы. Сондай-ақ аталмыш бөлімге өндірістегі бақытсыздықтар мен апаттар және қайғылы оқиғалар туралы ақпарат (зардап шеккендердің саны, соның ішінде өліммен аяқталғандардың саны туралы ақпаратты қоса) енуі тиіс.
8. Қажет болған жағдайда тәуекелдерді басқарудың белгіленген процестерінен елеулі ауытқуы туралы ақпарат.
9. ІАҚ-тың ұсыныстарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында өткізілетін іс-шара (бар болса).
10. Тәуекелдерді басқару саласында реттегіш талаптарды сақтау туралы ақпарат;
11. «Самұрық-Қазына» АҚ-та және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің)

Рев. № 0	2020ж. «20» мамыр	ТБ 20 07 АА	23 бет 24-тен
----------	-------------------	-------------	---------------

елуден астам пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама тиесілі ұлттық даму институттарында, ұлттық компанияларында және басқа да заңды тұлғаларында сақтандыру арқылы қорғауды ұйымдстыру саясатына сәйкес сақтандыру туралы есеп.

12. Атқарушы органның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін / тиімсіздігін растаумен өтініш.

**аталған тізбеге қажет болса өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін*

Тәуекелдер есебін ұсыну мерзімі

Тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесіне есептілікті ұсыну мерзімі:

Құжаттың атауы	Жауапты	Ұсыну мерзімі
Тәуекелдерді басқару туралы есеп	Қоғам кәсіпорны	Тоқсан сайын келесі есепті айдың 10-күніне дейін
Алдын алу іс-шараларын орындау туралы есеп	Қоғамның құрылымдық бөлімшесі	
Құрылымдық бөлімшенің іске асырылған тәуекелдері туралы есебі		

Тәуекелдерді басқару қызметін ұйымдастыруға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің шоғырландырылған есептерін ұсыну мерзімі:

Құжаттың атауы	Құжатты пайдаланушылар	Сроки предоставления
Тәуекелдерді басқару туралы есеп	Қоғам Басқармасының, Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қордың жанындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті	Тоқсан сайын, Қоғамның Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес
Қаржылық тәуекелдер туралы есеп	Қор	1-ші және 3-тоқсан үшін есепті күн + 35 күнтізбелік күн, 2-ші және 4-тоқсан үшін есепті күн + 45 күнтізбелік күн